

Айналыс мерзімі үш және алты ай болатын қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерді орналастыру және айналысқа шығуна қызмет ету туралы<\*>

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 17 шілде N 989. Атауындағы және мәтініндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 1996.04.12. N 435 қаулысымен. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.25. N 786 қаулысымен.

Бағалы қағаздар нарығын кеңейту және республикалық бюджет тапшылығының инфляциялық емес үлесін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1995-1996 жылды айналыс мерзімі үш және алты ай болатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерін шығарудың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкі өзірлеген шарттары мен тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр). <\*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

04.12. N 435 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаржы агенті ретіндегі Ұлттық Банкімен бірге айналыс мерзімі үш және алты ай болатын мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерді шығаруды ұйымдастырын. <\*>

3. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерді сатудан алынған қаражат республикалық бюджеттің кірісіне түседі деп белгіленсін. <\*>

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкімен бірге бір айлық мерзімде мемлекеттік бағалы қағаздардың кодификациясын енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер- министрі

Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 17 шілдедегі

N 989 қаулысымен

бекітілген

Айналыс мерзімі үш және алты ай болатын

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа

мерзімді қазыналық міндеттемелерді шығарудың

ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ <\*>

1. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерді Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі "қағаз емес нысанда" үш және алты ай айналыс мерзімінде шығарады. <\*>

2. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелердің әрбір эмиссиясының көлемін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді және Ұлттық Банкіне хабарлайды. <\*>

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелері айналысқа түсетін бағалы қағаздар болып табылады және әуелгі делдалдар мен олардың инвесторлары арасында аукциондық негіздегі өзара келісімге сәйкес оларды Қаржы министрлігінің тапсыруы бойынша Ұлттық Банк орналастырады. <\*>

4. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелердің және жекелеген әуелгі делдалдың немесе инвестордың бір аукционда сатып алу көлемін, резидент еместердің катысу үлесін, бәсекелестік емес өтінімдерді қанағаттандыру процентін Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі әр аукционға жеке-жеке белгілейді. <\*>

5. Айналыс мерзімі үш ай болатын қазыналық міндеттемелер аукционын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі апта сайын өткізеді, айналыс мерзімі алты ай болатын міндеттемелер аукционын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өз қалауынша, бірақ кем дегенде айына бір рет өткізеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аукцион өткізу күні мен шарттары әуелгі делдалдарға өткізуден күнтізбелік жеті күн бұрын еркін нысандағы жазбаша ескерту арқылы хабарланады, онымен бір уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Аукциондар өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілерімен реттеледі. <\*>

6. Айналыс мерзімі үш ай, алты ай болатын мемлекеттік қазыналық міндеттемелердің атаулы құны - 100 теңге. <\*>

7. Қазыналық міндеттемелер аукционға қатысушыларға әуелгі делдалдар мен олардың инвесторлары өз бетінше белгіленген дисконттеу бағасы бойынша сатылады. <\*>

8. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелер иегері оларды кепілдікке беруге, қайталама рынокта сатып алуға және сатуға құқылы. Бұл ретте инвестор сатып алу-сату және кепілдікке беру жөніндегі барлық операцияларды әуелгі делдал арқылы ресімдейді. Кепілге беру туралы шарт Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозитарийінде тіркеледі. <\*>

9. Мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алу, олардың жылжуы мен сақталуы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозитарийінде "депо" шоттары бойынша және әуелгі делдалдардың тікелей өз инвесторларына тиесілі міндеттемелер жөніндегі субдепозитарийлерінде жүргізіледі. <\*>

10. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі үш айлық қазыналық

міндеттемелерді атаулы құны бойынша өтеуді оларды сатудан түскен қаражат бюджетке түскен сәттен бастап санағанда 91-күні, ал алты айлық қазыналық міндеттемелерді өтеуді 183-күні жүзеге асырады. <\*>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК